

жатыр. Ғалым Ағалардағы кемелдік пен кеңдіктің өлшемі кейінгілерде қандай деңгейде байқалады екен деген ойлардың болуы заңды.

Өйткені кемелдік пен кеңдік ғылымда - із қалдырған көрнекілік, ал әріптестердің өз арасында - адами болмыстың үлгісі.

**Смагулова Гулдархан Нургазиевна
ТАЛГАТ САЙРАМБАЕВИЧ: СОВЕРШЕНСТВО И ЛЮБЕЗНОСТЬ**

В статье описана жизнедеятельность профессора Т.Сайрамбаева в науке и в обществе

**Smagulova Gyldarhan Nurgazievna
TALGAT SAYRAMBAEVICH: PERFECTION AND COURTESY**

This article describes the livelihood of professor T.Sayrambaev in the science and society

А. Тасымов,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

**ПРОФЕССОР Т. САЙРАМБАЕВ - ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ
СИНТАКСИС САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ**

Талғат Сайрамбаев аталған тіл ғылымының синтаксис саласының білгірі, әйгілі ұстаз, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Балақаевтың сүйікті шәкірті болды. Талғат Сайрамбайұлы ұзақ уақыт Қазақ ұлттық университетінде дәріс оқи жүріп, тіл ғылымының, әсіресе, сөз тіркесі мәселелерін зерделеуді бір сәт есінен шығарған емес. Бұл жол ғылымды басқа бір мақсат үшін емес, ғылымның тек өзіне ғана ынтық, іңкәр болғандықтан, білген үстіне тағы біле түссем екен деген құмарлық, махаббат пайда болғандықтан үйренетін жол. Солай екеніне оның бір-бірімен іштей тығыз байланысты, ортақ желілі ортан қолдай зерттеулерінің тақырыптық ауқымы, теориялық терең талдаулары дәлел. Т.Сайрамбаевтың шығармашылық жұмысының дені – сөз тіркесі мәселелері. “Сөйлемнің түрлаулы мүшелері” атты еңбегінде (Алматы “Қазақ университеті” 1991 ж.) сөйлем мүшелері туралы ережелердің әрқайсысының жетістіктеріне, кемістіктеріне өзіндік талдау жасайды. Сөйлем ішінде келетін оқшау сөздер, айқындауыштар, былайша алғанда, дербес мағыналы сөздер бола отырып, белгілі бір сөйлем мүшесі бола алмайды, бүкіл сөйлемге немесе жеке бір сөзге қатыстылығымен ғана ерекшеленеді. Сондықтан сөйлемнің ішінде жұмсалатын дербес мағынасы бар сөздердің өзін де екшелеп, қайсысы сөйлем

мүшесі бола алады, қайсысы сөйлем мүшесі бола алмайды деп топтау да сөйлемге қатысты сөздердің өзіндік қасиетін жан-жақты айқындауда басты шарт болуы керек деп топшылайды (аталған еңбек 11-б.)

Сөйлем мүшелері, олардың жасалу жолдары бөлімінде (36-б.) сөйлем мүшелерінің жасалу жолын жеке алып, оны 8 топқа бөліп қарастырған. Қазақ тілі материалдары негізінде фразеологиялық бірліктер туралы І.Кеңесбаев, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, Т.Қордабаев, К.Қожахметова, М.М.Копыленко, М.Балақаевтардың еңбектерін жүйелі түрде зерделеген.

Ана тіліміздің басқа мәселелерімен қатар профессор Мәулен Балақаевтың аса бір зер сала зерттеп, көп жұмыс тындырған саласы деп, қазақ тіліндегі сөз тіркестері синтаксисін атау ләзім. Профессор М.Балақаев шын мәнінде де, сөз тіркесі аталатын синтаксисіміздің жаңа тарауын дүниеге әкелген зерттеуші болды. Бұл мәселеге қатысты көлемді монографиядан бастап, ірілі-ұсақты ондаған еңбек жариялады. Мәкең араласып, атсалыспаған қазақ тілі туралы ғылымның бірде-бір саласы жоқ десек болғандай. Әсіресе, қазақтың ұлттық жазбасының қалыптасуына, жүйелі қазақ емлесінің жасалуына, қазақ әдеби тілінің дамуына Мәкең қосқан үлес, олжаның есесі мейлінше мол да қомақты. Ғалым қаламынан туып, жарық көрген әдеби тіліміздің тарихы, қазақтың тіл мәдениеті туралы монография-

лар мен мақалалар ғалымның әдеби тіл проблемасын зерттеуге арналғаны ғылыми ортаға мәлім. “Шәкіртсіз ғалым тұл” дейді халқымыз. Профессор Мәулен Балақаев – ғылыммен қатар ұстаздықты да мұрат тұтқан адам. Алматыдан бастап ұлан-байтақ қазақ жерінің түкпір-түкпірінде өнер, білім, мәдениет ұрығын сеуіп жатқан ғалым алдынан тәлім алған білімдар шәкірттер баршылық. Қазақстанның ғылым ордаларында қызмет етіп жүрген Мәкең баулып түлеткен бірнеше ғылым кандидаты мен докторлары мұның кәміл айғағы. Сол шәкірттерінің бірегейі қазіргі кезде арамызда жоқ профессор Талғат Сайранбайұлы болды. «Орнында бар оңалар» деп, Мәулен Балақаевтың ақыл-кеңесін тындаған, сол кісінің шәкірті болып, тәлімін алған Т. Сайранбайұлы қазақ тіл білімін, оның синтаксисін өрге сүйреп, өзгемен терезесі тең ғылымға айналдырды. Өзінің ғылыми жетекшісінің тәрбиесін көріп, тәлімін алды, жұмыс істеу, ой өрнектеу, өз бетімен іздене білу стилін үйренді. Бойына біткен талант та, ғылымға деген құштарлық та, атақты мамандардың ақ жарқын аяулы көмегі де Талғаттың ізденгіштік, іс білгіштік қабілетін құрыштай сомдап, қырандай қанат қақтырды. Әрбір ғылыми жұмыстың өзіндік көзге ұрып тұратын азды – көпті жаңалығы бар болса – игі. Біз оны Талғат Сайранбайұлының еңбектерінен көре алатынымызды айтамыз. Ғалым қазақ тіл білімі синтаксис саласының ішіндегі сөз тіркесі мәселесімен түбегейлі айналысты. Осы мәселеге өзінің барлық шығармашылық еңбегін, кандидаттық, докторлық диссертацияларын, 15-ке жуық монографиялық зерттеулерін, 230-ға тарта ғылыми мақалаларын оқу құралдарын арнады. Ғылыми еңбектерінің ішінен ерекше атап өтетіні өзінің ұстазына арнайы жазылған «Мәулен Балақаев» атты зерттеу - эсселік монографиясы (2007) жарық көрді.

Ғылым кандидаты, докторлары болып жүрген шәкірттерінің көпшілігі өзінің сабақ берген бұрынғы студенттері. Атап айтар болсақ: 1. Бүркітбаев О. “Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингво-стистикалық жүйесі” атты докторлық диссертация - 2001ж. 2. Сағындықұлы Б. «Тең дәрежелік қатынастағы тілдік бірліктер» (докторлық диссертация) – 2004ж. 3. Елікбаев Б. Қазіргі қазақ тіліндегі есімдер синтаксисі 2009ж (докторлық диссертация), 40-тан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Профессор Талғат Сайранбайұлының әрбір шәкіртінің қорғаған ғылыми жұмыстарының қай-қайсысында да ұстаздың пікірі өшпестей өріліп жатады. «Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға» деп, ұлы Абай айтқандай, Талғат Сайранбайұлы ұстаздықты тікелей мұрат-мүдде ұстанумен қатар ұйымдастыру, басқару саласында да ұзақ жылдар бойы дамылсыз еңбек етті. Оның ерен еңбегі еленбей қалған жоқ. Мәскеуден берілген «отличник высшей школы СССР» және «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» деген атақтарға ие болды.

Білім беру ісінде – ұстаз басты әрі шешуші тұлға. Ұстаздың білімділігі, абырой-беделі оның шәкіртінен көрінеді. «Шәкірттің жақсы болмағы ұстазынан» - деп халық тегін айтпаған. Адамзат баласының дамуында білімнің қажеттілігі сол білімді таратушы, жеткізуші ұстаздық қажеттілігімен бірдей маңызға ие болған. Әлемдік ой алыптары, небір ғұламалар ұстаз алдынан өткен, олар өздерінің ұстаздарына мәңгі борыштар екенін болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған. Ұстаз мәртебесінің қаншалықты биік, әрі қасиетті екенін осыдан-ақ көруге болады.

Өзінің саналы ғұмырын ағарту ісіне арнаған ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: “Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы” - деп бағалаған еді.

“Қыран түлегіне қайырылмас қанат сыйлайды, ұстаз түлегіне алға бастар талап сыйлайды” демекші білімді ұстаздар білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастыруда. Ұлттық тіліміздің, мәдениетіміз бен дәстүріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, орасан зор байлығын студенттердің жан дүниесіне сіңіру, сол арқылы өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу – бүгінгі күннің талаптарының маңыздысының бірі болып саналады. Адам ұстаздан үйреніп, шәкіртпен озады. Алла тағала әркімге әр түрлі бақыт береді екен... Тәкеңдей сыйлас, қадірлес адамды адамымызды алып кетті. Табиғаттың бұлтартпас қатаң заңына көнбеске, мойынсұнбасқа лаж жоқ. Біз әріптесіміз Талғат Сайранбайұлын еске алғанда, оның азаматтығы, ақ жарқын мінезі көз алдымызға елестейді.

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. Алматы, 1987.

2. Балақаев М.Б. Тіл мәдениеті Және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1989.

3. Омарбеков С. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 2007.

4. Айтбайұлы Ө. Тіл ғұмырлар. Алматы, 2011.

5. Сайрамбаев Т, Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Алматы, 1991.

Тасымов Асылбек. Талгат Сайрамбаев – знаток раздела синтаксиса казахской языкознания.
Tasymov Asylbek. Talgat Sayrambaev - an expert of the syntax section of the Kazakh language

Т. Н. Ермекова

ҚазМемҚызПУ профессоры, ф.ғ.д., ken_tina@mail.ru

СИНТАКСИСТІК ЖҮЙЕНІ ТҮТАСТЫРА ЗЕРТТЕУШІ ТҮЛҒА

Қазақ тіл ғылымының синтаксис саласы – ерекше бағы бар сала. Қазақ лингвистика ғылымының негізін қалаушылар А.Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтар салған сәулетті соқпақтан бастау алып, қазақ тіл ғылымындағы тұңғыш академик Н. Сауранбаевтың докторлық диссертациясының құрмалас сөйлемге арналуы, профессор М.Балақаевтың сөз тіркесі синтаксисін қалыптастыруы, дүниеден өткен қазақ тіл білімінің көрнекті тұлалары М. Серғалиев, Т. Сайрамбаев, Ә. Аблақов, Қ. Есеновтер мен бүгінгі корифейлері Р. Сыздық пен Р. Әмір, сондай-ақ профессор Б. Шалабай мен Ж.Жақып сынды талантты ғалымдарының қалам тезіне түскен сала! Кеңестер Одағы тұсында бір саладан 7-8 докторы болған қазақ тіл білімінің саласы кемдекем. Мұндай ғылыми әлеует түркі тілдес өзге мемлекеттерде де некен-саяқ еді. Құрылымдық грамматика үстемдік құрған өткен ғасыр тілдік зерттеулерді шектеді, тар шеңберде қарады, тек соңғы жылдары келген антропоцентристік парадигма ғана кең өлшемді, толыққанды зерттеулерге жол ашты деп жатамыз. Ал адамзаттың сөйлеу процесінен туындайтын объектіні нысан ететін грамматиканың синтаксис саласы сол ғасырдың өзінде-ақ ғалымдарды әлдеқайда «жанды» салаларға жетеледі. Алғашқы ғылым әлеміндегі қадамдарын синтаксистен бастаған ғалымдар М. Балақаев, Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Б. Шалабай еңбектерінің тіл мәдениеті, стилистика, мәтін теориясы т.т. сияқты адам арқылы зерттелетін салаларға ауысуы кездейсоқ құбылыс емес. Сондықтан да қазақ синтаксисінің мектебі қашан да өзекті, қашан да мәртебелі!

Осы қазақ синтаксисі мектебінің дамуына профессор Т. Сайрамбаевтың қосқан үлесі зор. Ол жөнінде ғалым Б. Шалабай былай

дейді: «Т.Сайрамбаев – қазақ тілі синтаксисінің ірі маманы, ол – ұстазы, қазақ тіл білімінде «Сөз тіркесі» ілімінің негізін салушы және сөз тіркесі синтаксисінен өзінің мектебін қалыптастырған ірі ғалым, профессор Мәулен Балақаевтың ілімін ары қарай дамытушы, соны жалғастырушы шәкірттерінің бірі, тіпті бірегейі деуге болады»[1].

Расында да ғалым Т. Сайрамбаев өз ұстазы М. Балақаевтың сөз тіркесі синтаксисіне қатысты теориялық тұжырымдарын одан әрі дамытты. Әсіресе Т.Сайрамбаев есімі қазақ тіл білімінде сөз тіркесінің жалпы мәселелерімен бірге күрделі сөз тіркестерімен байланысты аталады. Докторлық диссертациясына арқау болған бұл тақырыпқа қатысты бірнеше көлемді зерттеу еңбегін арнады. «Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері», «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері», «Структурно-семантические типы сложных словосочетаний в современном казахском языке» деген атпен жарық көрген еңбектерінде күрделі сөз тіркесінің типтері мен байланыс формаларына, тіркестің күрделену процесіне қатысты ашқан жаңалықтары мен тілдік фактілер негізінде жасаған тың тұжырымдары кеңестік ғалымдар тарапынан да қолдау тапты.

Ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізу нәтижесінде ұсынған докторлық диссертациясы мен соның негізінде жазылған монографиясында күрделі сөз тіркестерін есімді күрделі сөз тіркестері және етістікті күрделі сөз тіркестері деп екі топқа бөліп, әр топтағы тіркестердің құрылымдық-семантикалық, функционалдық ерекшеліктеріне мән береді. Бұл кезде, әсіресе күрделі зат есімді тіркестерге қатысты еңбектер мардымсыз еді. Профессор М. Балақаев тілде мұндай сөз тіркестерінің бар екендігін атап өтсе [1], К. Бейсембаева